

2021 жылғы ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауды бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 210 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 164 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабы 2-тармағының 12-7) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген), Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылғы ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауды бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі № 207 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 95 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2020 жылы 10 сәуірде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А.Сәттібаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің

**2021 жылғы ауылшаруашылығы өнімін тереңдете қайта өңдеу өнімдерін өндіру үшін оны
сатып алу шығындарын субсидиялау**

Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Тереңдете өңделген өнімдердің атауы	Шикізатқа қайта есептелген субсидиялар нормативтері (теңге/ литр, килограмм)
Сүт	Сары май	18
Сүт	Қатты ірімшік	28